

Отметим, что такие понижения рельефа максимально приближены к настоящим лесорастительным условиям пойменных и байрачных лесов [1].

Из всего вышесказанного следует, что возможность выращивания долговечных лесных насаждений на равнинных территориях Западного Казахстана ограничивается интразональными лугово-каштановыми почвами локальных понижений рельефа, которые, кстати, покрывают более чем 15% площади всей территории. Визуально в целинных условиях такие понижения выделяются более густой разнотравно-злаковой растительностью, а при посадках лесополос, например, вдоль дорог, - лучшей сохранностью деревьев в виде небольших колков и куртин.

Кстати, быстрый распад и гибель деревьев в таких колках объясняется тем, что здесь используется, главным образом, вяз приземистый (мелколистный), который в естественном ареале не создает массивы, а растет индивидуально на большом расстоянии друг от друга. При правильном же подборе ассортимента лесных пород, такие лесные колки могут существовать неопределенно долго.

Вышеизложенные исследования и апробация разнообразных способов создания лесных культур на разных типах почв проводятся на Джаныбекском стационаре, который расположен в междуречье Волги и Урала и находится в совместном владении НПЦ лесного хозяйства Казахстана и Института лесоведения РАН.

Данная работа адресована будущим специалистам по лесному делу, в подготовке которых стационар принимает непосредственное участие, а также тем, кто уже отвечает за проектирование и создание тех или иных лесных культур. Автор надеется, что ее основные положения будут являться обоснованием при принятии ответственных решений, и количество созданных нежизнеспособных лесонасаждений будет неуклонно снижаться. На наш взгляд, необходимо полностью изменить мировоззрение на способы создания лесных культур в этих условиях, как на уровне Департаментов, отвечающих за реализацию различных программ, связанных с лесокультурными технологиями, так и Министерств, принимающих ответственные решения по изменению самой методологии лесовыращивания в аридных регионах.

### **Литература**

1. Сапанов, М.К. Экология лесных насаждений в аридных регионах / М.К. Сапанов.- Тула: Гриф и К.-2003. - 248 с.
2. Сапанов, М.К. Роль атмосферных осадков и грунтовых вод в жизнедеятельности лесных насаждений аридных регионов / М.К. Сапанов // Лесоведение.- 2006. - № 4.- С 12-20.

УДК 574

## **КЕДЕЙШЛІКТИҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ**

**Р. Қ. Сабирова**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

*Мақалада автор экологиялық проблемалар қозғап, қоршаған ортаны жақсарту жолдарын ұсынады.*

*В статье автор затрагивает экологические проблемы и предлагает пути улучшения окружающей среды.*

*In the article, the author touches upon ecological problems and offers the ways of environment improvement.*

Қазақстан мемлекеті әлемнің дамыған елдеріндегідей өзінің экономика салаларын нарықтық қатынастың сұранысы мен талабына сай күрделі қиын өзгерістерге бағыттай отырып дамытып жатыр. Жер ресурстарының қоры жөнінен әлемдегі 176 мемлекет ішінен 9-шы орында, қазба байлықтары жағынан дүние жүзіндегі ең бай деген 10 елдің ішіне кіреді. Еліміздегі табылған, ашылған, есептелген қазба-байлығының бағасы 3,7 триллион доллар болып отыр.

Қазіргі кезде барлық аймақтарда жаппай табиғи ресурстарды игеру көрініс табуда, бұған Ресей, АҚШ, Англия, Жапония, тағы басқа мемлекеттер инвесторлары қатысуда. Осыған байланысты аймақтарда табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жүйесін құру қажеттілігі туындап отыр. Бұл проблеманың маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түспек, өйткені шешімін кейінге қалдырған сайын қоршаған ортамызға әкелетін экологиялық-экономикалық зияны ұлғая түспек.

Республикадағы экологиялық жағдай соңғы 12-15 жылдың ішінде күрт нашарлап кетті, ол қазақстандықтардың денсаулықтары мен әл-ауқаттарына келеңсіз әсер етіп, кедейшіліктің өсуіне түрткі болды. Экологиялық тозу халықтың, ең алдымен балалардың аурушандық деңгейіне тікелей әсер етті. Зерттеулер мынаны растайды, балалардың 45%-ға дейінгі тыныс органдарының аллергиялық және созылмалы, кеселдері-ластанған ортаның тартқан «сыбағасы». Болжалды өмір ұзақтығының анағұрлым азаюы белгіленеді, ал 15 жастан кіші топтар үшін жыныстық жас пирамидасы өсудің тұрақты кему үрдісіне айналды.

Ауыз сумен жабдықтау проблемасы аса өзекті мәселе қалпында қалып отыр. Халық арасындағы аурушандықтың жоғары деңгейі біршама дәрежеде таза ауыз судың жетіспеуінен және оның сапасының нашарлауынан, сондай-ақ сумен жабдықтау жүйесінің нашар жай-күйінен туындайды. Көптеген қазақстандықтар санитарлық-гигиеналық нормаларға сай келмейтін суды пайдаланады. Республика халқының үштен бір бөлігінен астамы арнайы өңдеуден өтпеген суды қолданса, ал 500 мың тұрғын ауыз су тапшылығының ұдайы азабын тартады. Соңғы бес жыл ішінде лас су арқылы тарайтын түрлі инфекциялардың республикада 19 дүмпі тіркелді (соның ішінде гепатит, дизентерия, іш сүзегі). Елдің кейбір аймақтарында жоғары минералданған, түрлі тұздардың жоғары құрамы бар суларды пайдалану тұрғындардың тең жартысынан көбін қуыққа және өтке тас жиналу кеселдерінен, жүрек-қан тамырлары ауруларынан және ас қорыту органдарының бүлінулерінен зардап шегуге ұшыратты.

Проблеманың төркіні мынада, елдегі су объектілерінің көпшілігінің жай-күйі, жер асты суларының сапасы сияқты, өнеркәсіптік, коммуналдық, дренаждық және өзге де ағынды сулардың ластануынан нашарлайды. Бұл ретте көтеген су объектілерінің өздерін-өздері қалыптасуына келтіруге деген табиғи қаблеті түгел дерлік жойылған, ал жеткіліксіз қаржыландыру республиканың су шаруашылығына тиісті шаралардың жүзеге асыру үшін мүмкіндік бермейді. Құбыр суының санитарлық-техникалық жай-күйіне қатысты болады. Гигиеналық талаптарға сай келмейтін құбыр суы сынамаларының үлесті салмағы 2000 жылы санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша 9,1%-ды, микробиологиялық көрсеткіштер бойынша 4,1%-ды құрады.

Халықтың 50%-ға жуығы минералдық және кермектік жағынан нормативтерге жауап бермейтін ауыз суды пайдаланса, 3,9% ауыз су бактериологиялық көрсеткіштер бойынша стандарттарға сай емес. Құбыр суымен қамтамасыздандырудың төмендеуі орталықсыздандырылған құдықтардың, су тоғандарының және арықтардың пайдалануға итермелейді. Жер асты суларының, ал су айрықтарының көпшілігі өздігінен тазалану мен өздігінен қалпына келудің табиғи қабілетін жоғалтқан. Тасымалы суды пайдаланатын халықтың үлесі ұлғайды. 1 млнға жуық ауыл тұрғындары ауыз суға және үй шаруашылығына көбіне егістіктер мен мал шаруашылығы

фермаларының ағындыларымен ластанатын өзендері мен тазартылмаған суын пайдаланады.

Сонымен қатар кедейшілік халықты (экологиялық салдарлардың қолайсыз сипатын адамдар толық түсінген жағдайда) табиғи ресурстарды бей-берекет пайдалануға, олардың өнімділігін азайтуға мәжбүр етті. Көмір, газ, электр энергиясын сатып алуға қаражаттары жоқ халық сексеуіл ағаштары, тоғайларды, алыпты қорғайтын екпе ағаштарды жаппай қырқа бастады. Кедей тұрмысты халық көбіне құнарсыздандырған және аз суармалы жерлерде шарасыздан шаруашылық жүргізуге мәжбүр болды. Агрехимиялық іс-шараларға ресурс үнемдеуші технологиялар инвестициялау үшін қаражаттары болмады.

Экологиялық бақылау бойынша жүйелі қадамдарды жүзеге асыру, табиғи ресурстарды қалпына келтіруге қыруар қаражаттарды оқшауландыруды болдырмауға мүмкіндік туғызады, оларды адам әлеуметінің дамуына жұмсау үшін бағыттауға болар еді. Экологиялық жағдайдың жақсаруы халықтың денсаулықтарының нығаюларына әсер етіп, арушандықтарын азайтады. Бұл ең алдымен жұмыспен қамтылуға кірістер мен шығыстарға, білімге, халықтың демографиялық оң ықпалын тигізіп кедейшіліктің деңгейін төмендетуге септігін тигізеді.

Экологиялық дағдарысты болдырмас үшін қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану керек:

- тұрғындарға экологиялық тәрбие мен оқыту;
- адамдардың шаруашылық барысындағы әрбір жұмысын экологияландыру мақсатында экономикалық және құқықтық механизмдер жасау;
- экологиялық шараларды мемлекет деңгейінде қаржыландыру;
- еліміз аймақтарында жаңа қорықтар ашу;
- экологиялық қалдықсыз технология мен таза өнімдерді ынталандыру;
- қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды орналастырғандығы төленетін төлем механизмдерін одан әрі жетілдіру;
- өндіргіш күштерді орналастыру кезінде олардың жобасын халықтың қоғамдық сарабынан өткізу;
- тасталатын зиянды заттардың мүмкін шектеулі мөлшерін жетілдіру;
- табиғи ортаны қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға мүшелікке өту.

Мемлекет үшін ең басты баға жетпес байлық – оның тұрғын халқы мен қоршаған орта экологиясының жоғары деңгейде болғаны қажет. Осы міндеттер сақталғанда ғана экономика салалары табиғат тепе-теңдігін сақтай отыра дами алады. Сондықтан адамдар денсаулығынан ешқандай экономикалық мүдделер мен мақсаттар биік тұруға тиіс емес. Экономика және экология тығыз байланыста болғанда ғана Қазақстан экономика салалары нарық талабының заңдылықтарына сәйкес дамып, бүкіләлемдік үрдіс бойынша өркениетті елдер қатарына қосылмақ. Сонымен, экологиялық шаралардың тиімділігін арттыру ел экономикасының ең басты да басым бағыттарының бірі болуы тиіс. Экологиямызды жақсарту еліміздің қауіпсіздігін қорғау және болашақтағы жететін жетістігіміздің кепілі болмақ..